

Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 145 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 сәуірде № 27583 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365 - бабы 3 - тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл аудандық мәслихатының хатшысы

К. Базарбаева

Сарыкөл аудандық мәслихатының

2022 жылғы 12 сәуірдегі

№ 145 шешіміне

қосымша

Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,54
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,85
2	Жатақханалар	1 орын	0,83
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,40
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,25
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,60
6	Емханалар	1 келіп кету	0,008
7	Ауруханалар	1 төсек орын	1,70
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,33
9	Дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,27
10	Концерт залдары	1 отыратын орын	0,12

11	Стадиондар	жоба бойынша 1 орын	0,06
12	Спорт залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,053
13	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,60
14	Базарлар	сауда алаңы 1 м2	0,40
15	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базарлары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,15
16	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м2	0,20
17	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,50
18	Автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина орын	1,52
19	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,82
20	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	1,25
21	Тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	1,25
22	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,32
23	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,36

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК